

## **1916 жылғы Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі және Амангелді Иманов**

### **Аймағамбетұлы Роман**

#### **Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы**

Тарих ғылымы нақты дерекке, фактіге сүйенетін қоғамдық ғылымдардың бастысы болып табылады. Ұлттық идеяны, ұлттық сана-сезім мен саяси мақсат-мүддені анықтауда да оның алатын орны ерекше екендігі анық. Бірақ осы процессте, яғни белгілі бір ұлттың, халықтың тарихын жасау барысында кім маңызды роль атқарады: халық па, әлде сол халық арасынан шыққан жеке тұлғалар ма? деген сұрақ ғалымдар тарапынан әлі күнге дейін талас тудыруда. Ғалымдардың бір тобы бірінші орынға халықты қойып, жеке тұлғалардың ролін екінші қатарға ығыстырса, екінші бір топ ғалымдар ұлы тұлғаларды халықтан жоғары қояды. Алайда халық пен сол халықтың бел ортасында жүріп ой-өрісі, сана-сезімі, адами қасиеттері қалыптасқан жекелеген тұлғаларды бір-біріне қарсы қоймасақ та, оларды байланыстыра қарастыру керек сияқты. Себебі халықсыз—жеке тұлғаның болуын, өзінің ізін қалдыруын, ал жеке тұлғаларсыз халықтың қоғам дамуының қиын-қыстау тұстарында жол таппай қиналған сәттерінде тар жол тайғақ кешулерден аман-есен өтуін көзге елестету мүмкін емес. Яғни халық пен ұлы тұлғалар бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын, бірімен бірі тығыз байланыста қарастырылатын қоғамдық құбылыстар. Белсенді адам өзін қоршаған әлемге ықпалын тигізеді, ал бұл өз кезегінде адамның сезімталдық қабілетінің дамуына әсер етеді. Заман лебін заманынан озық туған жеке тұлғалар бұрын болжап, үгіт-насихат жүргізеді.

Амангелді Иманов пен Әбдіғапар Жанбосынов бастаған ұлт-азаттық көтерілістегі басты тұлғалардың халық алдындағы ерліктері мен жасампаздық қимылдарын осы тұрғыдан алып қарастыруға болады. Тарих өз дегенін істетеді, себебі қоғам заңдылығы солай. Бірақ ірі тұлғалардың сол 1916 жылғы оқиғаның тұсында Амангелді немесе Әбдіғапар болуы міндетті емес, олардың орнына басқа адамдардың келуі де мүмкін. Бірақ тарихтың доңғалағы сол кездегі қазақ қоғамының барлық ауыр салмағын осы екі ірі

тұлғаның мойнына салып берді. Сондықтан халық жүгін көтеруіне тура келді. Елді басқара алатындай ақылы, болашаққа деген сенімі бар Әбдіғапар Жанбосынов пен әскери дарыны мен қолбасшылық қасиеті бірдей қалыптасқан Амангелді Иманов сансыраған қалың қыпшақ пен арғын еліне бас болып, жол көрсетушісіне айналды. Себебі халық ең алдымен өзінің жолды бастар көсеміне, сөзді тайсалмай айтар шешеніне, елді қорғар қайтпас еріне арқа сүйенетініне ешкім дау айта қоймас.

Енді осы жерде мынадай сұрақ тууы мүмкін: неге халық көтерілісін Әбдіғапар мен Амангелді бастап отыр. Бұл сұраққа жауапты біз түркі халықтарының тарихын зерттеуімен атағы шыққан түрколог Лев Николаевич Гумилевтың «Этногенез және жер биосферасы» атты көлемді зерттеу еңбегінен алуымызға болады. Ол өзінің аталмыш кітабында ғылым үшін жаңа термин—пассионарность—жалындылық теориясын дәлелдеп берген болатын. Оның көзқарасы бойынша: адамзат тарихындағы қандай да халықтық топтар болсын немесе ұлттар мен ұлыстар болсын—барлығында бойында ерекше күші, жігері, оты бар адамдар болады. Бұл күш-жігер бір адамдарда көп, екінші бір адамдарда аз, ал енді бір адамдарда тіпті болмауы да мүмкін. Осыған орай олардың іс-әрекеттері де, қимыл-қозғалыстары да, қоғамда қалдыратын орны да әр түрлі және әсері де басқаша дәрежеде болатындығы анық. Қоғамға қандай жағынан болсын қауіп төнген кезде, соның мүддесін қорғау үшін бойында оты бар адамдар тарих сахнасына шыға бастайды. Олардың бас көтеруі, сөйлеген сөздері мен қимыл іс-әрекеттері басқаларға әсер етіп, артынан халықтың басқа да жіктерін қоса ала кетеді. Жоғарғы жақтағылардың басқаша басқара алмайтын, ал төменгілердің ескіше тұра алмайтындығы белгілі болып, бүкіл қоғам дүрліге бастайды. Жеке тұлғалар бұрынғы ескі тәртіпті бұзып, оның орнына жаңа халықтың мүддесіне сай келетін заңдар қабылдап, өздерінің ережелерін орнатуға ұмтылады. Мұндай болмаса, қоғам бір жерде қатып алға баспаған болар еді. Бұл—қоғам, тарих заңдылығы.

Міне, сондықтан да 1916 жылғы көтерілістің барлық сатыларында Амангелді Иманов пен Әбдіғапар Жанбосынов от болып жанып, соның ұшқынымен Жағыпар мен Кейкі батыр, Бекболат пен Оспан іліп әкетіп, сонынан бүкіл халық ерген болатын. Алдындағы ескі кедергілерді жоя отырып, отарлық езгінің бұғауын үзу үшін ат үстінен түспестен патша әскерлерімен ерлікпен шайқаса білді.

Енді осы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің зерттелуіне байланысты айтатын болсақ, оны үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең 1920-1930 жылдарды қамтиды. 1926 жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығына байланысты ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, болған оқиғаларды нақты фактілерге сүйене отырып, ақиқатын ашуға тырысушылық байқалды. Әбдіғапарды көтеріліс басшысы ретінде танып, оның ролін ашып көрсетті. Осы мәселеге арналған К.Харламповичтің 1926 жылы шыққан «1916-1917 жылдардағы Торғай қырғыз-қайсақтарының көтерілісі» атты зерттеу еңбегі, Әлихан Бөкейханов пен тарихшы Шестаковтың «1916 жыл» деген кітапшасы, көтерілістің басы-қасында болған Байқадам Қаралдиннің «16-шы жылғы Торғай қазақтарының көтерілісіне 10 жыл толды» атты мақаласы тағы басқа еңбектер жарық көрді. Бұл әлі де көтеріліс лебі басыла қоймаған, көз көрген куә адамдардың қарасы үзілмеген, қазақтың зиялы қауымы толық ашық жұмыс істеген кез болатын.

Екінші кезең. 1936 жылы ұлт-азаттық көтеріліске 20 жыл толған кезде 1916 жылы болған оқиғаларға басқаша тұрғыдан баға бере бастады. Көтерілістің барлық жүгін жалғыз Амангелді Имановқа арта салды. Соғыс қимылдарының сәтті де, сәтсіз де тұстарының барлығын бір адамның іс-әрекетімен байланыстыру сол заманның саясаты болатын. Себебі 1930-шы жылдардан Сталиннің «жеке басқа табыну» саясаты басталды. Мұның өзі Амангелді Имановтың серіктес жолдастары болған Әбдіғапарды, қол батыр Кейкіні, Жағыпарды, арғындардың ханы болған Оспанды көлеңкеде қалдырды. Бұл жерде халық тарихын таптық тұрғыдан түсіндіріп, халықты екі жікке бөлу де басты роль атқарды. Бай немесе төре тұқымы ретінде олардың халық алдындағы еңбегін еш қылу және халық еңбегін бір адамның атқарған іс-әрекетімен түсіндіру белең алған болатын.

Үшінші кезең. Егемендік алған 1990-шы жылдардан бастап ұмыт қалған тарихымызды қайтадан парақтап, болған оқиғаларға ұлттық тұрғыдан баға беріп, ақиқатын айта бастадық. Соңғы 15 жылдың көлемінде осы мәселеге байланысты көтерілістің басқа да тұлғаларының бет-бейнесі, қоғамдағы орны мен халық алдындағы атқарған іс-әрекеттеріне арналған бірнеше ғылыми зерттеу мақалалары жарияланды.

Енді 1916 жылғы патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы болған ұлт-азаттық көтерілістің себебі неде, оған сылтау қайдан келді және нәтижесі немен аяқталды деген мәселеге жауап беріп көрелік.

Бізге мынадай тарихи оқиға белгілі: патша үкіметінің қазақ өлкесі арқылы Үндістанға бару жоспарының орындалмауына бірден-бір кедергі—көшпелі қазақ халқының 150 жылдай уақытқа созылған көтерілісі болды. Алдына қойған мақсатына жету жолында Ресей үкіметі қаражатты да, әскерді де, қару-жарақты да аяған жоқ. Сол арман-мақсатына тек XIX ғасырдың 60-шы жылдарында аясыз қырып-жоюдың арқасында жеткен көрші орыс «ағамыз» енді қазақ жерін бөліске сала бастады. Бір қарағанда ұшы-қиыры көрінбейтін кең даланың бос жатқан жерлері көп сияқты көрінгенімен, көшпелі халықтың әрбір руының, тайпасының жаз—жайлауы мен қыс-қыстауы болды.. Барлық қазақ жерін «мемлекеттік меншікке» айналдырып алған «ақ» патшамыз енді оларды орыс мұжықтарына бөліп бере бастады. Ғалымдардың есептеулеріне қарағанда XX ғасырдың басына дейін осындай көпе-көрнеу зорлық саясаттың салдарынан 40 млн. десятина жер аумағынан қазақтың көшпелі шаруасы айырылды. Нәтижесінде құнарлы аймақ—орысқа, шөлді аймақ—қазаққа берілді. Жерден айырылу деген малдың кетуі, ал малдың кетуі—қазақтың ұлттық сипатының жойылуы деп түсінген жөн. Ал мұның арты жергілікті халықтың жер үшін күресіне ұласатыны белгілі. Ал байлар мен кедейлердің немесе ағайын арасындағы келіспеушілік пен тартыстың болуының түп негізінде жердің жетіспеушілігі жатыр. Сондықтан жер мәселесі-- көтерілістің басты себебі болғандығы анық.

Енді бірнеше жылдарға созылған ашу-ызаның, кектің, шыдамның сыртқа шығуына не сылтау болды десек, бұл 1916 жылдың 25 маусымындағы патша жарлығы болды. Онда «19 бен 31 жас аралығындағы орыс емес ер адамдарды соғыс тылындағы қара жұмысқа алу туралы» жазылған болатын. Бір жағынан алып қарағанда осыдан 91 жыл бұрын болған оқиғаны 1986 жылғы желтоқсан айындағы қазақ жастарының іс-әрекетімен салыстыруға болады. Яғни 1916 жылғы оқиға 1986 жылы қайталанып отыр. Айырмашылығы тек қана сылтаудың ішкі мазмұнында болғанымен, формасы бір болатын. Бұдан біз ұрпақ сабақтастығының үзілмей келе жатқандығын байқаймыз.

Торғай жұртының 1916 жылғы «июнь жарлығына» қарсы көтерілісі де солай, Қайдауыл болысының үшінші ауылында, азаттық үшін арпалысып өткен хан Кененің сенімді серіктерінің бірі Иман батырдың немересі

Аманкелді Үдербайұлының: «Сұм патшаның жарлығына көнбейміз, жастарды окоп қазуға жібермейміз! Қолға қару алып, қарсы шығайық»--деген сөздерінен басталды. Оны алдымен Қайдауыл ауылдарының жігіттері естіп, жігерлі азаматтар атқа қонып, Аманкелді тобына қосылуға жол тартты. Бұл туралы болыс басқармалары генералға қабарлап отырған телеграммасында толық мәлімдейді.

Одан біз Торғай қазақтарының патша жарлығына басынан бастап қарсы болғанын, патша генералдарын әуре-сарсаңға салғанын байқаймыз. Әрбір ауыл бұрын көзге түсе қоймаған өздерінің батырлары мен мергендерін танып, соңына ерген. Азғантай уақыттың ішінде көтеріліс жалыны кең далаға жайылып, көрші облыс қазақтарының да бас көтерулеріне әсер еткен.

Қазақ даласындағы ең ірі көтеріліс болғандықтан оның өзіне тән ерекшеліктері мен сипаттары болды. Ең алдымен оның басқаларға қарағанда стихиялы түрде емес, жоспары, бағыт-бағдары айқындалған және ол көтеріліс барысында көрінген, жоғары деңгейде ұйымдасқандығымен ерекшеленді. Хан Әбдіғапар мен сардар Аманкелді бастаған көтерілісшілерде қатаң әскери тәртіп болған. Олар керейлер мен наймандардың және Шыңғыс ханның «Жасақ» заңдар жинағында көрсетілген «ондық» жүйесін қолданған. Ол бойынша әскери жүйенің негізін бір адамға бағынышты ондық құрады. Өз кезегінде ол жүздікке және мыңдыққа бөлінді. Әрбір бөлімнің әскери басшылары жоғарғы жақтың бұйрықтарын бұлжытпай орындап отырған. Сарбаздың шаруашылық жағын басқаратын арнаулы адамдар тобы болған. Он үй ортасынан бір сарбазға ат мінгізіп, ер-тұрманын сайлап берген. Азық-түлік, киім-кешегін де мойнына алған. Бұдан біз халықтың барлық жіктері көтеріліс жағында болғандығын байқаймыз. Ауыл басшыларының барлығы ханның үкімін тыңдаған. Хан хандық құрып, өкім-жарлығын беріп отырған. Іс жүзінде елді «әскери жағдайға» байланысты сардар басқарған. Әрбір болыс, ауылдармен байланыс жасайтын бөлімше— ондықтар болған. Сондықтан көтеріліс барысында оның көсемдері елдіктің белгілерін қалыптастыра бастаған. Осы бір қиын кезеңде Аманкелді Имановтың сардарлық таланты мен әскери дарындылығы айқын көріне бастаса, ел билеу, дер кезінде халықты ұйымдастыра отырып шешім шығара алуымен хан Әбдіғапардың да халық арасындағы беделдері өсе түсті. Әсіресе, Торғай қаласын қоршау барысында болсын, Татыр көлінің маңындағы шайқаста болсын, Доғал-Үрпек соғысындағы мергендердің ерлігі болсын--

барлығында үлкен стратег, соғыс ісін білетін ерекше тұлғаның болғандығы көзге көрініп тұрды.

Осы жерде Торғай көтерілісінің екінші ерекшелігін айтуымыз керек. Ол-- көтерілісшілердің патша өкіметіне олардың түсіне де кірмеген үрей тудырғандығында болып отыр. Қазақстанның Жетісу мен Сырдария облысындағы көтерілістерді азғантай күшпен басып тастауға машықтанған орыс әскерлері мұнда біраз тер төгулеріне тура келде. Қазан әскери округі қолбасшысының Орыс армиясы Бас Штабының бас басқармасына хабарлағанындай, Торғай көтерілісшілерін жазалау үшін 17 жаяу әскер ротасы, 19 жүздік пен эскадрон, 14 зеңбірек және 17 пулемет бөлінген. 1916 жылғы 26 қарашада Қазан әскери округының қолбасшысы генерал-лейтенант Сандецкий генерал-лейтенант Лаврентьевтің экспедициясы қиын жағдайға душар болғанын айта келіп, қосымша үш полк, үш пулемет командасын және бір атты батареяны жіберуді сұрауға мәжбүр болған.

Осыдан көтерілістің үшінші ерекшелігі шығады. 1916 жылдың тамызында басталған көтеріліс бірнеше айларға созылып, 1917 жылдың ақпан айындағы Ресейдегі патшаны тақтан құлатқан революцияға ұласты. Яғни қаншама күш жұмсағанымен, Ресей империясы Торғай халқының ұлт-азаттық көтерілісін баса алмады.

#### Әдебиеттер.

1. М. Мырзағалиұлы. 1916-1917 жылдардағы Торғай қазақтарының көтерілісі. Алматы. 2005
2. Б. Қаралдин. 16-шы жылғы Торғай қазақтарының көтерілісіне 10 жыл толады. «Қостанай таңы» газеті. № 9. 2006 ж.
3. Ә. Бөкейханов., Шестаков. 1916 жыл. «Қазақ әдебиеті» 3 тамыз, 1990 жыл.
4. С. Әсіпұлы. Пассионар. «Егемен Қазақстан» 24 қыркүйек 2003 жыл.
5. Штопка. Социология социальных изменений. М. 1997

